

**"2016 жылға арналған Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 251 қаулысының күші жойылды деп тану туралы**

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 14 қыркүйектегі № 364 қаулысы

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2016 жылға арналған Тайынша ауданы бойынша субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарын әрбір түрі бойынша оңтайлы себу мерзімдерін белгілеу туралы" Тайынша ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 маусымдағы № 251 қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2016 жылғы 15 шілдедегі № 3826 тіркелген, 2016 жылғы 5 тамыздағы "Тайынша таңы" және 2016 жылғы 5 тамыздағы "Тайыншинские вести" газеттерінде жарияланған).

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Е. Иманслям*